

«Күншуақ» бөбекжай-бақшасы МҚҚҚ

Тақырыбы: «Тәуелсіз ел Қазақстан»



Тәрбиешілері: Молдашева Н.Б.

Искакова Р.Ж.

2022ж

«Тәуелсіз ел-Қазақстан»

Құрметті кішкене бұлдіршіндер және балабақша ұжымы!
Баршаңызды 25 қазан Республика күні мерекесімен «Аққу» тобы
атынан шын жүректен құттықтаймыз! Баршаңызға отбасылық бақыт,
дендеріңізге саулық, еңбектеріңізге жеміс, мерекелік шат көңіл
тілеймін.

Ақжайық, Алтай арасы
Қазақтың шалқар даласы
Республикама қараши!
Жерімнің дәні маржандай
Қырманы асқар таулардай
Республикама қараши!
Шолсаң да биік аспаннан
Қарқырап кені тастардан
Республикама қараши!
Шырқаған сайын тірегі
Республикама қараши!

I. Әнұран.

Құрметті қонақтар! Бұгінгі біздің 25 қазан Республика күніне арналған
«Тәуелсіз ел-Қазақстан!» ертеңгілігін тамашалаңыздар.

II. Хор: «Егеменді Қазақстан»

Елші:

- Өзі үшіл жер қай ел екен, жөн сұрап білейін?!

Жүргізуши:

- Сәлеметсіз бе? Сіз кім боласыз? Қателеспесем, біздің елге басқа
жақтан келгенсіз - ау деймін.

Елші:

- Мен ел аралап жүрген елшімін. Сыңғылаған балалардың күлкісін
естіп, қай елдің бақытты балалары екенін білейін деп келдім.

Жүргізуши:

- Олай болса, қош келдіңіз! Қазір бізде 25 қазан Республика күніне
арналған тәрбие сағат өткелі жатыр. Балалардан сұрап біліңіз.

Елші:

- Сәлем, балалар! Сендер өте көңілді, әрі бақытты көрінесіндер.
Сендердің Отандарың, қасиетті мекендерің қай Республика?

Балалар:

- Қазақстан Республикасы.

Елші:

- Президент кім?

Балалар:

- Қасымжомарт Кемелұлы Тоқаев

Елші:

- Отандарыңың астанасы қай қала?

Балалар:

- Нұрсұлтан қаласы.

Елші:

- Елдеріңіз өзінің қандай қасиеттерімен айбатты?

Балалар:

- Әнұран, Туы, Елтаңбасымен.

Елші:

- Өте жақсы. Осы елдің бақытты ұл - қыздары екендерінді қалай дәлелдейсіндер?

1. Айша: Әнұраным, жан ұраным

Айтар әнім, сөйлер сөзім

Тұған жерім сағынарым

Мәңгі - бақи шырқалады

Республикам, Әнұраным

2. Әліби: Елтаңбасы елімнің

Неткен көркем, әдемі

Тұннығындаі көңілдің

Ортада аспан әлемі.

3. Мейірбек: Жарасқан байрақтың мәні бар

Көк аспан, көк қыран сәні бар

Көк байрақ ашық көк кеңісін

Алтын күн – белгісі жеңістің.

III. Ән: «Ойнаймыз да күлеміз».

Жүргізуши:

- Балалар, сендер сүйікті Отанымыздың қасиетті белгілерін біледі екенсіндер. Онда Отан дегеніміз не?

Балалар:

- Отан дегеніміз біздің әке - шешеміз, туған туыстарымыз, ауыл қалаларымыз, өзіміз туып - өскен жеріміз.

Отан – сенің ата - анаң,

Отан – досың, бауырың

Отан - өлкен, астанаң

Отан – аудан, ауылың.

Отан – атам, Отан - әкем

Осы сөзім қате ме екен?

Қате болса неге біздер

Дейміз оны атамекен.

Жүргізуши:

- Балалар, халқымыздың батыр ұлы Бауыржан Момышұлы айтқан екен: «Отан үшін отқа тұс, күймейсің», - деп. Басқа да батыр ағаларымыз, апаларымыз «Отан» деп жырлаған, қорғаған, қастерлеген және Отан үшін өмірлерін қиған екен.

Біз де осы ата - апаларымыз сияқты Отанымызды қорғауымыз керек. Отан үшін еңбек ету керек.

- Сендердің еңбектерің – сендердің жақсы оқығандарың, тәртіпті бала болғандарың.

Елші:

- Құрметті бүлдіршіндер, балабақша ұжымы бүгінгі мерекелеріңізben құттықтай отырып, бүгінгі бақытты балаларға өзімнің кішкене ғана сыйлығымды тапсыруға рұқсат етіңіздер. Қазақстанның болашағы гүлдей жайнай берсін!

Жүргізуши:

Мен қазақпын биікпін, байтақ елмін.

Қайта тудым өмірге қайта келдім

Мен мында бір тірілдім мәңгі өлмеске

Жаса – жаса мәңгіге туған елім.

Осыменен «Ақку» ересек тобының ертеңгілігін аяқтаймыз. Көңіл қойып келгендеріңізге, ынта қойып тыңдағандарыңызға көпте - көп рахмет!



